

## XX Ғ. 30-40 ЖЖ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС АЙМАҚТАРЫНА ХАЛЫҚТАРДЫҢ ДЕПОРТАЦИЯЛАНУЫ

Мұхтар Ә.Р., магистрант

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстан қазіргі таңда Орталық Азия кеңістігіндегі бірнеше ұлт пен ұлыстың екінші отанына айналғандығы сөзсіз шындық. Әрине, бұл процесс Кеңес өкіметі тұсындағы тоталитарлық жүйенің дамуымен тікелей байланысты. Бұрын біржақты қарастырылып келген өзге ұлт өкілдерінің Қазақстанға келу, қоныс аудару тарихы, ендігі жерде біздің Отандық тарихтың ажырамас бөлігіне айналды. Депортация аумағы болып негізінен Орталық Азия мемлекеттері болып табылғанымен, Ресейдің шығыс аймақтарына да күшпен қоныс аударылғандардың эшелондары лек-легімен аттанып жатты. Бұл мәселе Қазақстанның батыс аймағын да сырт айналған жоқ.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысы – 90-нан астам ұлт өкілдері (орыс, беларусь, украин, кәріс, неміс және т.б.) тату-тәтті өмір сүретін ынтымағы берік, этносаралық келісімді сақтауда елеулі еңбектер атқарып жатырған аймақтардың бірі. Облыс аумағында 53 этнобірлестік жұмыс жасайды [1].

Жоғарыда аталған ұлттардың басым көпшілігі өткен ғасырдың 30-40 жж. Батыс Қазақстан аумағына депортацияланған халықтардың ұрпақтары.

Кеңес өкіметі жылдарында КСРО-да ұлттық мәселені шешу бойынша тарихи маңызы бар жұмыстар атқарылды. Ұлттар мен ұлыстардың нақты теңдігін қамтамасыз етуде, халықтар арасындағы бауырластық қатынастарды нығайтуда, еңбекшілерді интернационалдық тәрбиелеуде әсерлі нәтижелерге қол жеткізілді. Сонымен бірге, Сталинге табыну және тоқырау кезінде Лениннің ұлттық саясаты деформацияланды, бұл терең зерттеуді және шешуді қажет ететін көптеген ауыр мәселелердің жиналуына әкелді.

Сталиннің көптеген жағымсыз құбылыстары мен қылмыстық әрекеттері, соның ішінде бүкіл халықтарды күштеп көшіру кеңестік әдебиетте үнсіз қалды. 30-40 жылдардағы КСРО тарихына тоқтала отырып, М.С. Горбачев "қазан және қайта құру: революция жалғасуда" баяндамасында КСРО тарихының ауыр мәселелерінен бас тартуға, оларды өшіруге тырысулар әлі де бар екенін атап өтті. Бұл тарихи шындықты елемеу, заңсыздық пен озбырлықтың жазықсыз құрбаны болған және 40-жылдары болған адамдарды еске алмау болар еді. Жеке адамдар ғана емес, сонымен қатар тұтастай халықтарды. Осы кезеңдегі шынайы ғылыми зерттеулер сұрақтарды сәтті шешу үшін қажет.

Қазіргі өмір, демократияландыру, заңдылық, жариялылық, бюрократияны жеңу және т.б. 30-40 жылдары Сталин мен оның жақындары шығарған мемлекеттік басқарудың командалық-әкімшілік жүйесі шарықтау шегіне жеткен кезде, оның әділдігі Кеңес өкіметінің өзіне де, адамдардың сенімділігіне де үлкен зиян тигізді, сондай-ақ ұлттық қатынастарға да.

Кеңес халқына, соның ішінде әртүрлі ұлт өкілдеріне, социалистік құрылысты ұйымдастырушыларға, КСРО-ның Ұлттық аймақтарындағы алғашқы социалистік ұлттық-мемлекеттік құрылымдарға соққы берген 30-40 жылдардағы қуғын-сүргін 40-жылдардағы "жазаланған" халықтардың мәжбүрлі көші-қоны осы саясаттың құрамдас бөлігі болды. Дәл осы 40-жылдары бірқатар ұлттық-мемлекеттік автономиялық құрылымдар жойылды. Бұл Сталиннің субъективті әрекеттеріне, Лениннің ұлттық саясатына және КСРО Конституциясына немқұрайлылыққа негізделген заңсыз акт болды. "Мемлекеттік тапсырма" деп аталатын 3 011 108 түрлі ұлт өкілдері мәжбүрлі қоныс аударуға ұшырады, олардың ішінде тұтас халықтар: ингуштар, шешендер, немістер, балқарлар және т.б. олардан басқа 215 242 адам қоныс аудару орындарына дербес жолмен келді, яғни арнайы эшелондарда емес. Қоныс аударылғандардың жалпы саны 3 226 340 адамды құрады [2, 135 б.].

XX ғасырдың алғашқы жартысында Батыс Қазақстанға депортацияланған ұлттардың ішінде кәрістер де бар еді. 1937 ж. 14 қыркүйекте Орталық Комитет партиясының өкімімен

корейлерді қоныстандыру және орналастыру жөніндегі ҚКСР ХКК уәкілі тағайындалды. Ол ішкі істер халық комиссарының көмекшісі, мемлекеттік қауіпсіздік майоры Гильман болды. Оған қоныс аударушыларды қабылдау және уақытша қоныстандыру бойынша барлық жұмыстар жүктелді. Ішкі істер халық комиссарының өкімімен оған көмек ретінде НКВД қажетті кадрлары бөлінді, ал КСРО ХКК төрағасының нұсқауларына сәйкес корейлерді қоныстандыруға байланысты Гильманның барлық өкімдері барлық наркоматтар мен ведомстволар үшін міндетті болды. Қоныс аударушыларды түсіру пункттерінде жауапты қызметкерлер тағайындалды.

1937 ж. 29 қыркүйекте ОК КП(б)К Бюросының отырысында келген корейлерді келесідей орналастыру туралы шешім қабылданды: Гурьев округі - 1500 отбасы; Батыс облысы - 1000; Солтүстік - 2000; Ақтөбе - 1500; Оңтүстік - 1500.

Ақыры, 1937ж. 9 қазанда ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі "Корей қоныс аударушыларын қоныстандыру және шаруашылық орналастыру туралы" қаулы қабылдады, ол қоныс аударудың бірінші кезеңінде корейлерді Қазақстанға орналастыру жөніндегі негізгі құжатқа айналды.

Бұл қаулыда Қазақстан басшылығының корейліктерді оңтүстікте шоғырландыра отырып орналастырудағы көзқарасы айқын көрінді. Атап айтқанда, осы қаулыда: "Қазақ ССР-не келетін корей-қоныс аударушыларды қоныстандыру мынадай аудандарда жүргізілсін: Алматы облысы - 1800 отбасы; Солтүстік Қазақстан облысы-2000; Қарағанды облысы - 2600; Батыс Қазақстан облысы-1800; Ақтөбе облысы - 200; Қостанай облысы - 200; Оңтүстік Қазақстан облысы-7354. Көріп отырғанымыздай, Қазақстанның оңтүстігінде 8154 отбасын орналастыру жоспарланған, бұл барлық басқа облыстарға қарағанда 1714 отбасына көп [3, 66 б.]. Содан кейін құрыққа ілінген Әзірбайжан, Армян республикаларынан шекараға жақын орналастырылған күрд, армян, парсы, түрік халықтарының кейбір өкілдері Қазақстанға жер аударылды.

1941 жылдың шілдесінде Л.П. Берия мен В. М. Молотов Еділ бойындағы немістер Республикасына келді, олардың сапары нәтижесінде бүкіл халықты депортациялау қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Г. Вормсбехер өз мақаласында дұрыс атап өткендей, "Еділ немістерінің тағдырының драмасы олардың тағдырлары заңсыз, бірақ біздің ел мен Германия арасындағы қарым-қатынасқа дәйекті түрде байланысты". 28 жылы 1941 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының № 21-160 "Еділ аймағында тұратын немістерді көшіру туралы" жарлығы жарияланды. Әскери билік алған мәліметтерге сәйкес, Еділдің аудандарында тұратын неміс халқының арасында Германиядан алынған сигнал бойынша Еділдің немістері қоныстанбаған аудандарда жарылыс жасауы керек мыңдаған және ондаған мың диверсанттар мен тыңшылар бар деп негізсіз мәлімдеді... Мұндай жағымсыз құбылыстардың алдын алу және ауыр қантөгістердің алдын алу үшін бұдан әрі құжатта айтылғандай, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Еділ аймағында тұратын барлық неміс халқын қоныс аударушыларға жер берілуі және оларға жаңа аудандарға мемлекеттік көмек көрсету үшін басқа аудандарға көшіру қажет деп тапты. Қоныстандыру үшін Новосібір және Омбы облыстарының, Алтай өлкесінің, қазақ және Қырғыз КСР-нің егістік жерлерге толы аудандары және басқа да көршілес жерлер бөлінді. Тамыз айында сол жерге КСРО Ішкі Істер Халық Комиссары Берияның қолы қойылған хат жолданып, онда КСРО ХКК мен БКП(б) ОК қаулыларымен Поволжье немістері Қазақ КСР мен Сібірдің аудандарына қоныс аударатыны көрсетілген. Оларды "қалалық — қалаларда, ауылдық — тұтас колхоздарды қоныстандыру арқылы және қазіргі колхоздар мен совхоздарға" орналастыру керек. Сондай-ақ, қоныстандыру және шаруашылық құрылымы "қоныс аударушыларды қабылдауға дайын" деп жауап беретін облыстық атқару комитеті мен БКП(б) облыстық комитетіне жүктелді. Сібірдің аудандарын қабылдауға тиісті топтардың саны да анықталды. Сонымен, Красноярск өлкесіне 21 450 отбасы, Барнауылға - 27 150, Новосибирск облысына — 28 600, Омбы облысына — 24 300 отбасын қоныстандыруға бұйрық берілді. Орналастыру дайындығын тексеру мақсатында КСРО ХКК жанындағы қоныс аудару басқармасы РСФСР-дің шығыс аудандарына өзінің

штаттық қызметкері Еременконы, КСРО НКВД уәкілеттік берген халық комиссариатының бес қызметкерін жіберді. Сонымен қатар, "1941 жылдың 3 қыркүйегінде эшелондарды жіберуді бастау" туралы қатаң нұсқау берілді, операцияны Берияның орынбасарларының бірі И. А. Серов басқарды [5, 173 б.].

1941 жылдың 28 тамыздағы КСРО Жоғары Кеңесі төралкасының «Еділ бойында тұратын немістердің қоныстарын аудару туралы» жарлықта: «Мыңдаған лаңкестер мен тыңшылар бар, олар Германиядан келетін хабар бойынша жарылыстар ұйымдастыруды көздейді», яғни КСРО-ға қарсы бағытталған әрекет жасауда деп көрсетілген. Негізсіз тағылған бұл жаланы кеңес үкіметі өзіне тән екіжүзділікпен көп жыл өткен соң қайта қарап, немістердің алдында кешірім сұраған сыңай танытып, былай деп атап көрсетті: «Бұл дәлелсіз айыптардың негізсіздігін және Сталиннің жеке басына табыну жағдайларындағы жүгенсіздік көрінісі болғанын көрсетті» Кеңестік немістерге қарсы жасалған осынау саяси сойқаннан Днепрдің батыс жағындағы немістер ғана аман қалды. Өйткені, неміс әскерлері 1941 жылдың 25 тамызында Днепропетровск қаласын басып алған болатын. Осылайша соғыс басталысымен Еділ бойындағы немістер туған жерлерінен аластатылды. Сол кездегі де, кейінгі де архив құжаттарын ақтарған зерттеушілер кеңестік немістер арасынан бірде-бір сатқын мен тыңшылар туралы дерек таба алмады. 1941 жылдың күз айында немістердің автономиялы республикасы кеңес картасынан мүлдем жойылып, оның 7 ауданы Сталинград облысының, 14-і Саратов облысының құрамына қосылды. Автономияны жою жөніндегі бұйрық оңай орындалды. Тек Еділ бойындағы ғана емес, Ленинград, Мәскеу, Кавказ бен Қырымдағы немістер де жер аударылды. Сібір, Алтай өлкелерімен қатар немістердің ең көп қоныстандырылған жері – Қазақстан болды. 1941 жылдың 25 қазанында Қазақстанға 467 мың Еділ бойы немістерін қабылдау жоспарланды. Қазақстан облыстарына төмендегідей етін бөлу жоспарланды.

Облыстар	Мың адам
Алматы	30
Ақтөбе	15
Ақмола	62,2
Шығыс Қазақстан	32
Жамбыл	33
Қарағанды	29,6
Қостанай	60
Қызылорда	15
Павлодар	40
Семей	40
Солтүстік Қазақстан	62,2
Оңтүстік Қазақстан	48
Барлығы	467

Ал Қазақстанға 420 мың неміс күштеп көшірілді. Немістерді қоныстандыру Қазақстанның екі облысына: Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарына көшіру көзделмеді. Бірақ депортацияланған немістер 1942 жылы бұл екі облыста еңбек колонналары есебінен толықтырылды. 1942 жылдың 7 қазанында Гурьев Атқару Комитетінің №2383 шешімімен немістер еңбек колоннасына мобилизацияланды.

Орал облысының жергілікті немістері де күштеп көшірілді. 1941 жылдың қарашасында Оралдың неміс тұрғындарына Подстепное селосына жиналып, қаладан үш күн мерзім ішінде көшіп болуына бұйрық берілді. 18 қарашада қалада бірде-бір неміс қалмады. 1942 жылы оларды Теректі, Каменск, Зеленовск, Приуральный аудандарынан көшірді. Олар үй-мүлкін, малын, жұмысын тастап, жаңа мекенге бағыт алды. КСРО-ның әр аудандарынан және жергілікті жерлерден күштеп көшірілген немістер негізінен қазіргі Жымпиты ауданына қоныстандырылды. Олар Тасқұдық, Жанатаң, Жаңа-Тұрмыс, Жымпиты, Аралтөбе,

Бұлдырты совхоздарына, №117 көне зауытына және тағы басқа шаруашылықтарға орналастырылды [4].

Жалпысынан алғанда кеңестік жаппай қуғын-сүргін тарихы көптеген зерттеулерге арқау болды. Бірақ тұтас халықтарды жер аудару тарихын зерттеу әлі де терең ізденістерді талап етеді. Тоталитарлық жүйе миллиондаған азаматтардың тағдырын, сан мыңдаған отбасының өмірін тәлкек етті. Сол жылдары ұлттық мүддені қорғаған зиялыларды, қарапайым еңбек адамдарын жазықсыз қудаласа, кейіннен бұл саясат шекаралық аймақтағы тұтастай халықтарды туған жерінен айырып, басқа аймаққа күшпен жер аудартты. Өз кезегінде бұл процесс ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстан халқының құрамының полиэтностық күрделі өзгеріске ұшырауына алып келді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. <https://assembly.kz/news/batys-aza-stan-oblysy-90-nan-astam-lt-kilderi-tatu-t-ti-myr-keshken-zher-yu-meken/>
2. Бугай, 1989-Бугай Н.Ф. К вопросу о депортации народов СССР в 30-40-х годах // История СССР. – 1989. – №6.
3. Кан Г.В. История корейцев Казахстана. Алматы. 1995. – 209.
4. <https://topuch.ru/mazmni-kirispe-i-li-otan-soisi-jildarinda-batis-azastana-kshte/index.html>
5. Бугай Н.Ф. 40-е годы: «Автономию немцев Поволжья ликвидировать...» // История СССР. – 1991. – №2.

### **ҚАЗАҚТАРДЫҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ ЖАЙЛЫ ПІКІРЛЕР**

**Өскембаев Қ.С.**, т.ғ.к., доцент  
Астана халықаралық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қазақ халқы өз тарихында көптеген азаттық көтерілістерді бастан кешіріп, елдігін, ерлігін таныта білген. Соның бірі бүгінде 106 жыл толып отырған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Тарихымыздың тереңіне бойласақ, тәуелсіздікке жету жолында қазақ халқының бірнеше жүздеген азаттық көтерілістерге шыққаны белгілі. Соның барлығы толығымен зерттелін, әділетті тарихи бағасын алды деп айта алмаймыз. Осы мақаламыздың міндеті де осы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске тағы да тоқталып, айтылмай келе жатқан тұстарына тоқталып, ақиқатқа жету үшін өз талпынысымызды білдіру. Әрине, ол үшін отандық белгілі тарихшы-ғалым ағаларымыз М. Қозыбаев, Т. Омарбеков, М. Қойгелдиев т.б. еңбектеріне басты назар аудару.

1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының тарихындағы толып жатқан көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалыстар ішінде ерекше орын алады. Бұл көтерілістің патша өкіметінің отаршылдық саясаты мен империалистік соғысына қарсы бағытталған кең байтақ өлкенің көп бөлігін қамтыған жалпыұлттық ауқымда көрінген тарихи қозғалыс. Бүкілхалықтық сипат алғандығына ешкім де бұл күнде күмән туғызбауы тиіс. Кейін көтеріліс жеңілгеннен кейін патша үкіметінің отаршыл әкімшілігі қазақтарды тыл жұмысына шақыруды күштеп жүргізді. Олар 260 мың адамды еріксіз тыл жұмысына айдап әкетсе, 10 мың адамды өлкедегі өнеркәсіптік және әскери жұмыстарды істеуге қалдырды [1,170 б.]. (500 мың бұратанадан адам алу көзделгені белгілі)

Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының аталмыш мәселеге байланысты көзқарастарын жақсы білген, алайда 30-ы жылдар басында кеңестік жүйенің жетекші қайраткерлерінің біріне айналған С.Асфендияровтың 1935 жылы жазған «Қазақстан тарихы» атты еңбегінде 1916 жылғы көтерілісті төңкеріс (революция) ретінде батыл атап көрсетпей, оның мазмұнынан «ұлттық азаттық, ұлттық бірігу (қалыптасу) үшін» ұмтылысты іздегенін де естен шығаруға болмайды. Бұл тарихи шындықты мойындау еді. Дегенмен де,